

ХАТТАМА №1

«SAMGA FEST: Балалық әлем – болашақ негізі» облыстық семинары

Өткізілген күні: 14 мамыр 2026 жыл

Өткізілген орны: Орал қаласы, №5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК

Өткізу уақыты: 09:00-13:00

ҚАТЫСТЫ:

Батыс Қазақстан облысы білім беру басқармасының әдістемелік орталығының мамандары, Орал қалалық білім беру бөлімінің әдіскерлері, мектепке дейінгі дамыту орталығының мамандары, Орал қаласы мен БҚО мектепке дейінгі ұйымдарының меңгерушілері, әдіскерлері, педагогтері.

ТӨРАЙЫМЫ: Р.С. Куанышкалиева – №5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі

ХАТШЫ: №5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК әдіскері С.К.Срымова

КҮН ТӘРТІБІ

«SAMGA FEST: Балалық әлем – болашақ негізі» облыстық семинарының ашылуы

Мектепке дейінгі ұйымдардың инновациялық тәжірибелер көрмесі

«Кәсіптік бағдар – табысты болашақ!» бағытындағы шеберлік сыныптары

«Болашақ бүгіннен басталады: Жасанды интеллект әлемі» тәжірибе алаңы

“ArxeoLab” балаларға арналған зерттеу алаңы

“Таза болашақ – ұрпаққа аманат” экологиялық бағыты

Қорытынды. Рефлексия және кері байланыс

ТЫНДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша №5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі Р.С.

Куанышкалиева сөз сөйлеп, облыстық семинардың мақсаты мен маңыздылығына тоқталды. Өз сөзінде мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасындағы кәсіби байланысты нығайту, инновациялық тәжірибелерді тарату және педагогтердің шығармашылық әлеуетін дамыту бүгінгі білім беру жүйесінің басты бағыттарының бірі екендігін атап өтті.

Сонымен қатар, «Самға» қауымдастығының жетекшілері А.А. Тапауова мен А.А. Бергенғалиева қауымдастықтың атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарлары жөнінде баяндады.

Орал қалалық білім беру бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Қ.Х. Темірбаева, әдіскер Ж.С. Адиева, БҚО ББ әдістемелік орталығының МДТО бөлімінің басшысы А.С. Саматов семинар жұмысына сәттілік тілеп, ұйымдастырушыларға алғыс білдірді.

Семинардың ашылу салтанаты аясында қатысушылар назарына тәрбиеленушілер мен педагогтердің қатысуымен дайындалған мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынылды. Бағдарлама барысында шығармашылық қойылымдар, музыкалық нөмірлер, би композициялары мен танымдық көріністер көрсетіліп, қатысушыларға ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Концерттік бағдарламаны Болатжанқызы Наргиза мен Талиева Александра жүргізді.

Концерттік бағдарлама

Салтанатты шараның шымылдығын №5 «Сәуле» бөбекжайының «Шамшырақ» тобының тәрбиеленушілері ашып, жүрекжарды тілектерге толы тақпақтарын мәнерлеп орындады.

«Айлин+» жеке балабақшасының тәрбиеленушілері жетекшісі С.Ж. Бисенғалиеваның жетекшілігімен «Көктем» қазақ биін орындады. Ұлттық нақыштағы бұл би арқылы көктем мезгілінің әсемдігі, қазақ халқының мәдениеті мен эстетикалық құндылықтары көрініс тапты.

№5 «Сәуле» бөбекжайының тәрбиеленушілері музыка жетекшісі А.Е. Серғалиеваның жетекшілігімен «Bala Voice» попурийін орындады. Балалар түрлі балалар әндері мен заманауи

әуендерден құралған музыкалық композиция ұсынып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Сонымен қатар №5 «Сәуле» бөбекжайының тәрбиеленушілері би жетекшісі М.И. Баймулдиеваның жетекшілігімен «Ырғақ әлемі» би композициясын орындады. Қойылым барысында балалардың ырғақ сезімі, қозғалыс үйлесімділігі мен сахналық мәдениеті жоғары деңгейде көрініс тапты.

№41 «Ақ тілек» бөбекжайының қазақ тілі мұғалімі Н.Т. Хабибуллина ұйымдастырған «Балалар үні» подкасты семинарға келген педагогтермен жүргізілді. Подкаст барысында қатысушылар мектепке дейінгі білім беру, бала тәрбиесі және болашақ ұрпаққа берілетін құндылықтар туралы өз ойларымен бөлісті.

Сондай-ақ «Айлин+» жеке балабақшасының тәрбиеленушілері жетекшісі С.Ж. Бисенғалиеваның жетекшілігімен «Кәріс арулары» биін орындады. Би барысында шығыс мәдениетінің элементтері көрініс тауып, тәрбиеленушілердің икемділігі мен сахналық шеберлігі айқын байқалды.

«Идеядан нәтижеге: медиа және технология» атты шығармашылық таныстырылымды Болатжанқызы Наргиза мен Сакипова Динара Даировна ұсынды. Аталған таныстырылым барысында Астана қаласына іссапармен барған №49 «Ақ ниет» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі М.Т. Муканова мен №15 «Ақбота» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі А.А. Тапауованың тәжірибе алмасу барысында үйренген заманауи әдістері мен инновациялық бағыттары таныстырылды. Сонымен қатар цифрлық технологиялар мен медиа құралдарды мектепке дейінгі білім беру процесінде тиімді қолданудың жолдары көрсетілді.

Концерттік бағдарлама семинар қатысушыларына ерекше әсер қалдырып, тәрбиеленушілер мен педагогтердің шығармашылық әлеуетін, кәсіби шеберлігі мен ұйымшылдығын айқын көрсетті.

«Көңілді орта – бақытты бала» тренингі №5 «Сәуле» бөбекжайының педагог-психологы К.Е. Маликова тарапынан ұйымдастырылып, өткізілді. Тренинг барысында келген педагогтермен таныстыру жұмыстары жүргізіліп, қимылды сергіту жаттығулары мен би элементтері арқылы белсенділік сәті ұйымдастырылды. Тренинг соңында педагогтер шағын топтарға бөлініп, сыртқы алаңдарда өтетін шеберлік сыныптарын тамашалауға бағытталды.

ҚАРАЛДЫ

Бірінші бағыт «Кәсіптік бағдар – табысты болашақ!»

Аталған бағытта мектепке дейінгі жастағы балалардың ерте кәсіптік бағдарын қалыптастыруға бағытталған көрме және шеберлік сыныптары ұйымдастырылды. Көрмеге №5 «Сәуле», №36 «Балақай» бөбекжайлары, «Айлин1» және «Айлин+» жеке бөбекжайлары қатысты.

Көрмені және жалпы ұйымдастыру жұмыстарын №5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі Р.С. Куанышкалиева, №36 «Балақай» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі А.Х. Исенбаева, «Айлин1», «Айлин+» жеке бөбекжайы меңгерушісі Э.К. Мендыгазиева және жауапты әдіскерлер С.К. Срымова, Г.Е. Ихсанова, Нұрханова Г.Ж., Н.В. Шевер ұйымдастырды.

1.Күн тәртібіне сәйкес Айлин1 жеке бөбекжайы тәрбиешілері Букен Гульзада Нураловна, Наурзалиева Мулдир Нурлановна және Темирова Гульшат Хамитовнаның ұйымдастыруымен «Art Kids: Кішкентай қадам – үлкен мамандыққа жол» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізілді. Шеберлік сыныбы барысында педагогтар эбру өнері, гипспен жұмыс жасау және «Кішкентай тігіншілер» бағыты бойынша тәжірибелік жұмыстарды көрсетті. Іс-шара барысында келген педагогтерге аталған бағыттар бойынша шеберлік сынып элементтері ұсынылып, тәжірибелік жұмыстардың орындалу барысы таныстырылды.

2.№5 «Сәуле» бөбекжайы МКҚК дефектологі Қарабаева Әсем Орынбасарқызы мен педагог-ассистент Базарбай Айгерім Маратқызы «STEAM – болашақ мамандығы» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Шеберлік сынып барысында STEAM технологиялары негізінде қарапайым электр тізбегі құрастырылып, батарея мен сым арқылы мамандықтарға қатысты көрнекіліктер іске қосылды. Қатысушыларға тәжірибелік жұмыстар ұсынылып, мектепке дейінгі білім беру үдерісінде STEAM элементтерін қолданудың тиімді әдіс-тәсілдері таныстырылды. Сонымен қатар, балалар келген педагогтерге лимонад дайындап ұсынып, мамандықтар туралы өлеңдерін айтты.

3. Күн тәртібіне сәйкес «Айлин+» жеке бөбекжайы педагогтері Туралиева Ақбота Сабитовна және Амирова Рагиля Женисовнаның ұйымдастыруымен «Кішкентай қолдар – үлкен өнер» тақырыбында шеберлік сыныбы өткізілді. Шеберлік сыныбы барысында педагогтер семинар қатысушыларына балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тәжірибелік жұмыстарды көрсетіп, қолөнер элементтерімен таныстырды. Іс-шара барысында түрлі материалдармен жұмыс жасау тәсілдері ұсынылып, балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған тапсырмалар орындалды. Сонымен қатар шеберлік сынып кондитерлік бағытта ұйымдастырылды. Балалар балмұздақ туралы тақпақтарын айтып, өз өнерлерін көрсетіп, келген педагогтерге тәтті балмұздақ таратып, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

4.Күн тәртібіне сәйкес Орал қаласы №36 «Балақай» бөбекжайы МКҚК педагогтері Маханаева Динара Нұрбатыровна және Кенжалина Аяна Бақытовнаның ұйымдастыруымен «Болашақ маман – бүгінгі бала» тақырыбы аясында «Гүлдер әлеміне саяхат» шеберлік сыныбы өткізілді. Шеберлік сыныбы барысында балалар флорист мамандығымен танысып, гүл шоғын құрастыру жұмыстарын орындады. Іс-шарада балалардың шығармашылық қабілеттерін, қол моторикасын дамытуға және әсемдікке баулуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Қорытынды: «Кәсіптік бағдар – табысты болашақ!» бағыты аясында ұйымдастырылған шеберлік сыныптар мен көрмелер мектепке дейінгі жастағы балалардың ерте кәсіптік бағдарын қалыптастыруға бағытталды. Қатысушылар балалардың шығармашылық, танымдық және практикалық дағдыларын дамытуға арналған жұмыстармен танысып, тәжірибе алмасты. Ұсынылған тәжірибелік жұмыстар педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға және жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға мүмкіндік берді. Жалпы, аталған бағыт мазмұнды өтіп, мектепке дейінгі білім берудегі кәсіптік бағдар жұмысының маңыздылығы атап өтілді.

Екінші бағыт «Болашақ бүгіннен басталады: Жасанды интеллект әлемі»

«Самға» желілік қауымдастығының ұйымдастыруымен «Болашақ бүгіннен басталады: Жасанды интеллект әлемі» тақырыбында облыстық семинар алаңы өткізілді. Аталған бағыттың мақсаты – мектепке дейінгі ұйымдарда жасанды интеллект элементтерін тиімді қолдану тәжірибесімен бөлісу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру және заманауи технологияларды оқу-тәрбие үдерісіне енгізу жолдарын насихаттау болды.

Семинар алаңына №43 «Өркен» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі Габдуллина Асемгуль Нурлановна, №41 «Ақтілек» бөбекжайы МКҚК меңгерушісі Даулетиярова Женисгүл Кенжаевна, ТОО «Asemduk» «Дельфин» жеке бөбекжайының меңгерушісі Айткалиева Нурайна Жарасовна және «Талап» жеке бөбекжайының директоры Леонтьева Людмила Петровна қатысты. Семинар аясында «Болашақ бүгіннен басталады: Жасанды интеллект әлемі» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмені әдіскерлер Артығалиева Шынар Ербулатовна, Хабибуллина Назым Тулепкалиевна, Абдушева Айгерім Айғалиевна және Шанғалиева Айгерім Исатаевна ұйымдастырып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Көрме барысында жасанды интеллект элементтерін қолдану, цифрлық технологиялармен жұмыс жасау және инновациялық әдістер таныстырылды.

1.Бағдарлама барысында №41 «Ақтілек» бөбекжайы МКҚК әдіскер-инноваторы Хабибуллина Назым Тулепкалиевна «Цифрлық диалог: бала және ЖИ» атты көрініс ұсынып, жасанды

интеллектің бала дамуына әсері мен заманауи білім беру кеңістігіндегі рөлін сахналық форматта көрсетті.

Сонымен қатар Тұрар Айдана Әсенқызы «RoboKids: Ойна, ойлан, құрастыр!» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, робототехника элементтерін мектепке дейінгі білім беру процесінде қолдану жолдарын тәжірибе жүзінде таныстырды.

2.№43 «Өркен» бөбекжайының меңгерушісі Габдуллина Асемгуль Нурлановна мен әдіскер Артығалиева Шынар Ербулатовна «Дәстүр мен цифр» тақырыбында LEGO конструкторы арқылы құрастырылған «Сума» ойынын таныстырды. Аталған жұмыс барысында ұлттық құндылықтарды цифрлық технологиялармен ұштастырудың тиімді жолдары көрсетілді.

Тәрбиеші Елеусизова Асемгуль Ерболатовна мен педагог-ассистент Утепбергенова Айымторы Қайратқызы «Адам және жасанды интеллект» атты шеберлік сыныбын өткізіп, жасанды интеллект құралдарының мүмкіндіктерін тәжірибелік тапсырмалар арқылы көрсетті.

3.ТОО «Asemduk» «Дельфин» жеке бөбекжайының меңгерушісі Айткалиева Нурайна Жарасовна мен әдіскер Шанғалиева Айгерим Исатаевна «Жасанды интеллект құралдарын тәжірибеде қолдану» тақырыбында тәжірибе алмасып, цифрлық платформаларды қолданудың тиімді әдістерін таныстырды.

4.Мини-орталық АО «Талап» жеке бөбекжайының тәрбиешісі Крадинова Римма Ранильевна «Жарқыраған қиял әлемі» шеберлік сыныбын өткізіп, шығармашылық пен технологияны байланыстыратын заманауи жұмыс түрлерін көрсетті.

Семинар қорытындысында қатысушылар жасанды интеллект технологияларын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тиімді қолданудың маңыздылығын атап өтіп, тәжірибе алмасу алаңының жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын жеткізді.

Үшінші бағыт “АрхеoLab”балаларға арналған зерттеу алаңы

«АрхеoLab» балаларға арналған зерттеу алаңы меңгерушілер: А.А. Тапауова, Н.А. Байхатова, А.А. Бергенғалиева және әдіскерлер: З.А. Рскалиева, И.К. Урманова, Ж.Ж. Суйешова тарапынан ұйымдастырылып, келген педагогтерге жан-жақты таныстырылды. Зерттеу алаңының мақсаты – балалардың танымдық қызығушылығын арттыру, ізденушілік қабілетін дамыту және қарапайым ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру екені атап өтілді.

1.№15 «Ақбота» бөбекжайы МКҚК педагогтері А.Ө. Шерғалиева, А.В. Янеева, Т.А. Дахова «DinoLab: қазба» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, археологиялық қазба жұмыстарының үлгісін тәжірибе жүзінде көрсетті. Шеберлік барысында балалар мен педагогтерге жер қабаттарын зерттеу, «қазба» элементтерін табу және оны талдау жұмыстары ұсынылып, зерттеушілік әрекетке қызығушылықтары артты.

2.«Happy kids» бөбекжайының педагогі Ә.С. Қарасаева «Жас археологтар: тұмар жасау» шеберлік сабағын өткізіп, балалардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған тұмар жасау жұмысын көрсетті. Іс-шара барысында тарихи-танымдық мазмұндағы бұйым жасау әдістері түсіндіріліп, балалардың қол еңбегіне деген қызығушылығы артты.

3.«Аманат» жеке бөбекжайының педагогі Пазыл Айгерім Боранбайқызы «Заманауи технологиялар арқылы ежелгі қыш құмыра жасау» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, ежелгі бұйымдарды қазіргі технологиялармен модельдеу және таныстыру жолдарын көрсетті. Қатысушылар тарихи мұраларды жаңаша тәсілмен үйретудің тиімділігімен танысты.

4.«Dino Art: ежелгі іздер» шеберлік сыныбы аясында педагог-психолог Максотова-Кадулкадырова Ақбота Манарбекова, тәрбиеші Жармуханова Гүлмира Бактығалиевна және әдіскер-инноватор Ширяева Ирина Александровна балалардың шығармашылық ізденісін дамытуға бағытталған тәжірибелік жұмыстар жүргізіп, оны келген педагогтерге жан-жақты

көрсетті. Шеберлік барысында балалардың шығармашылық қабілетін, қиялын және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған тәжірибелік жұмыстар ұсынылды. Қатысушыларға динозавр іздерін бейнелеу және оларды көркемдеу әдістері көрсетілді. Жалпы, «ArxéoLab» бағыты аясындағы жұмыстар мектепке дейінгі ұйымдарда зерттеушілік және шығармашылық дағдыларды дамытуға арналған тиімді тәжірибе алаңы ретінде жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Төртінші бағыт «Таза болашақ – ұрпаққа аманат» экологиялық көрме ұйымдастырылып, қатысушыларға табиғатты қорғау бағытындағы үздік тәжірибелер ұсынылды. Көрмені меңгерушілер мен әдіскерлер ұйымдастырды: А.Н. Салыхова, А.К. Сапарова, Н.В. Волкова, Г.С. Кангереева, А.И. Кайбалиева, Р.Т. Нугманова.

1. «Алина» жеке бөбекжайының тәрбиешісі Шутова Татьяна Александровна «Жасыл әлемге алғашқы қадам: гүл отырғызу өнері» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізді. Шеберлік барысында балалар бөлме өсімдігі – хлорофитумды отырғызу әдісімен танысып, өсімдіктерге күтім жасау, еңбекқорлық пен ұқыптылық дағдыларын қалыптастырды.

2. «Вундеркинд» жеке бөбекжайының тәрбиешісі Фролова Альбина Александровна «Живая вода – чистая планета» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, суды сүзу, қалдықтарды сұрыптау және экологиялық тәжірибелер арқылы табиғатты қорғаудың маңызын тәжірибе жүзінде көрсетті.

3. №18 «Балдырған» бөбекжайы әдіскері Мұқтарова Әсем Адайқызы «Табиғатты аялайық» экологиялық ойынын ұсынып, балалардың қоршаған ортаға деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған танымдық жұмыстар жүргізді.

4. «Айлин» 6 жеке бөбекжайы педагогтері Бахишова Зарина Руслановна және Дүйсекенова Алмаш Урбисенова «В гармонии с природой» тақырыбында шеберлік сыныбын өткізіп, көшет отырғызу және балауыздан сакура бұтағын жасау бойынша тәжірибелік жұмыстарды көрсетті.

Жалпы, экологиялық бағыттағы іс-шаралар қатысушыларға тиімді тәжірибе алаңы болып, табиғатты аялау мен экологиялық мәдениетті дамытуға ықпал етті.

Сонымен қатар келген педагогтерді қабылдай отырып, №41 «Ақ тілек» бөбекжайы МКҚК педагогтері Е.Е. Урынғалиев және А.С. Избасаров «Labyrinth play» ойынын ұйымдастырып, келген педагогтермен бірге өткізді. Ойын барысында логикалық ойлау, кеңістікті бағдарлау және жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар орындалды.

Сондай-ақ №5 «Сәуле» бөбекжайы дене тәрбиесі нұсқаушысы Ф.Б. Муханбетжанов «Қозғалыс – болашаққа бастар күш» тақырыбында қимылды ойындарды келген педагогтермен бірге өткізіп, балалардың дене белсенділігін арттыруға бағытталған әдіс-тәсілдерді көрсетті.

Аталған жұмыстар барысында қатысушылар ойын арқылы оқыту технологияларының тиімділігімен танысып, тәжірибе алмасты.

«Самға – сапалы білім бренді» көрінісі «Самға» қауымдастығы педагогтерінің қатысуымен ұсынылды.

Көріністі №5 «Сәуле» бөбекжайы музыка жетекшісі А.Е. Серғалиева, №18 «Балдырған» бөбекжайы әдіскері Ө. Мұқтарова, «Алина» жеке бөбекжайы әдіскері С.А. Сапарова, №41 «Ақ тілек» бөбекжайы әдіскері А.А. Абдушева орындады.

Іс-шара барысында педагогтер бірлескен шығармашылық арқылы қауымдастықтың бірлігі мен кәсіби ынтымақтастығын көрсетті.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМІНДЕ:

«Самға – сапалы білім бренді» көрінісі «Самға» қауымдастығы педагогтерінің шығармашылық бірлігін, кәсіби ынтымақтастығын және ортақ педагогикалық көзқарасын айқын көрсетті.

№5 «Сәуле» бөбекжайы музыка жетекшісі А.Е. Серғалиева, №18 «Балдырған» бөбекжайы әдіскері Ө. Мұқтарова, «Алина» жеке бөбекжайы әдіскері С.А. Сапарова, №41 «Ақ тілек» бөбекжайы әдіскері А.А. Абдушева, «Аманат» жеке бөбекжайы тәрбиешісі А.Б. Пазыл аталған көріністі сомдады.

Сонымен қатар «Самға – бірлік қанатында» биі «Самға» қауымдастығы педагогтерінің бірлігін, ынтымағын және шығармашылық әлеуетін көрсетті. Орындаған №5 “Сәуле” бөбекжайы педагогтері: Г.Т. Шаймардан, М.М. Муханбетжанова, Д.М. Өтепберген, А.Е. Сатыбалдиева, М.М.Абатова, А.Е. Серғалиева, М.И.Баймулдина, Г.Б. Галимова. №18 “Балдырған” бөбекжайы Р.А.Кушалиева №36 “Балақай” бөбекжайы А.Б. Кенжеалина. №15 “Ақбота” бөбекжайы А.А.Есенғалиева. “Айлин”1 жеке бөбекжайы Г.Х. Темирова. “Аманат” жеке балабақшасы А.Қ.Өмірбай. “Алина” жеке бөбекжайы Е.Г. Джумағалиева. “Айлин+” жеке бөбекжайы З.А. Амангелді. №41 «Ақтілек» бөбекжайы Г.С. Шарипкалиева.

Рефлексия кезеңінде №15 «Ақбота» бөбекжайының қазақ тілі мұғалімі Болатжанқызы Наргиза жүргізген «Samga Feedback» кері байланысы арқылы қатысушылар өз пікірлерімен бөлісіп, семинардың мазмұнды әрі тиімді өткенін атап өтті.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

БҚО ББ әдістемелік орталығының МДТО әдіскері А.С. Саматов «Самға» қауымдастығының мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасындағы тәжірибе алмасуды дамытудағы рөліне ерекше тоқталды. Қауымдастық аясында ұйымдастырылып жатқан бірлескен жұмыстар педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға, инновациялық тәжірибелерді насихаттауға және білім беру сапасын жетілдіруге үлкен мүмкіндік беретінін атап өтті. Сонымен қатар семинар барысында ұсынылған шеберлік сыныптар мен көрмелердің мазмұндылығына жоғары баға беріліп, педагогтердің шығармашылық ізденісі мен белсенділігі ерекше аталды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Орал ҚБББ әдістемелік кабинет меңгерушісі Қ.Х. Темирбаева және әдіскері Ж.С. Адиева өз сөздерінде семинар барысында ұсынылған тәжірибелік жұмыстардың мазмұндылығы мен өзектілігіне тоқталды. Олар мектепке дейінгі білім беру ұйымдары арасында тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру педагогтердің кәсіби дамуына үлкен мүмкіндік беретінін атап өтті. «Самға» қауымдастығының бірлескен жұмысы педагогтердің ынтымақтастығын нығайтып, заманауи әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізуге ықпал ететінін айтты. Семинар барысында көрсетілген шеберлік сыныптар мен көрмелердің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанына оң бағаларын білдіріп, педагогтердің шығармашылық ізденістері мен белсенділіктерін ерекше атап өтті.

ҚАУЛЫ ЕТІЛДІ:

«Самға» қауымдастығы аясындағы тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын. Семинар барысында ұсынылған тиімді тәжірибелер мектепке дейінгі ұйымдардың оқу-тәрбие процесіне енгізілсін.

Жасанды интеллект, STEAM, зерттеушілік және экологиялық бағыттағы жұмыстарды дамыту жалғастырылсын.

Педагогтердің инновациялық және авторлық жобалары қолдау тапсын.

Семинар материалдары тәжірибе тарату мақсатында облыстық деңгейде жинақталсын.

Төрайымы:

_____ Р.С. Куанышкалиева

Хатшы: _____ С.К. Срымова

